

Егіндікөл ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 24 қарашадағы № а-11/167 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 қарашада № 25446 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Егіндікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 31.10.2024 № а-10/181 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Егіндікөл ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысының Егіндікөл ауданы әкімінің орынбасары Қ.А. Шынтеміровке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Егіндікөл ауданның әкімі

Е.Мухамедин

Егіндікөл ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 24 қарашадағы
№ а-11/167 қаулысына
қосымша

Егіндікөл ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары	Қызмет саласы	Алатын алаңы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі	Ж а қ ы н орналасқан инфрақұрылым
1.	Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі 1, "Казакхтелеком" акционерлік	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	12 шаршы метрден 1 орын	5 жыл	Ұқсас тауарлар ассортименті

	қоғамының ғимаратына қарсы бағытта				сатылатын сауда объектілері жоқ
2.	Егіндікөл ауданы, Қоржынкөл ауылы, Школьная көшесі 5, №5 үйдің жанында	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	12 шаршы метрден 1 орын	5 жыл	Ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ
3.	Егіндікөл ауданы, Спиридоновка ауылы, Мира көшесі 16, № 16 үйдің жанында	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	12 шаршы метрден 1 орын	5 жыл	Ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ
4.	Егіндікөл ауданы, Бауман ауылы, Бауман көшесі 11 А, мәдениет үйінің жанында	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар	12 шаршы метрден 1 орын	5 жыл	Ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ